

Жоспар

Кіріспе.....	3
I Бөлім. Аударма әлеуметтік мәдениеттің проблемалары.....	5
1) Әлеуметтік мәдениеттің аударманың ролы.....	5
2) Әлеуметтік мәдениеттің аударманың ролы.....	7
Б Мәдениеттің аударманың ролы.....	8
В Иллюстрация.....	9
II Бөлім. Әлеуметтік мәдениеттің аударманың ролы.....	10
2.1 Әлеуметтік мәдениеттің аударманың ролы.....	10
2.2 Әлеуметтік мәдениеттің аударманың ролы.....	14
Іс-тәжірибелік бөлім.....	35
Қорытынды.....	37
Пайдаланылған әдебиеттер.....	38

Кіріспе

Өзінің ерте кездегі дамуынан бастап аударма адамзат үшін ең маңызды әлеуметтік қызмет атқарды, әр түрлі тілдік топтарға жататын адамдардың қарым-қатынасы үшін көмектесті. Жазу пайда болғаннан кейін аударма адамдарға өзге мәдениет жетістіктеріне жол ашты. Әдебиет пен мәдениеттердің қарым-қатынасы тек қана аударманың көмегі арқылы кеңідейтіндігіне айналды.

Қазіргі таңда лингвисттану және лингвомәдениеттану ғылымдарына көп көңіл бөлініп келеді. «Тіл және мәдениет» проблемасын зерттейтін барлық ғылымдар тілді мәдениетпен байланыстыра отырып зерттеу қажеттігін айтады. Бұл тілдің ұлттық-мәдени спецификасын анықтауға көмектеседі.

Енді тақырып бойынша баламасыз аударма туралы сөз етейін. Лексикадағы ұлттық болуы бар пайызға эквивалентсіз лексика жатады. Бұл тақырыпқа көптеген лексикология саласының алдыңғы қатарлы мамандары өздерінің зерттеулерін арнады. Жұмысты жазу барысында оқулықтар, лекциялар, курсы, зерттеу нысанына қатысты баспа бетін көрген негізгі ғылыми әдебиеттер, В.Н. Комиссаров, Я.И. Реткер, С. Бушков, С. Флорин, Л.С. Баржударов, М.Г. Комислев, А.Д. Швейцер, Г. Р. Манова, Ю. Найда т.б. зерттеулері жұмысқа теориялық және методологиялық негіз ретінде пайдаланылды.

Берілген курс жұмысының мақсаты эквивалентсіз лексика түрлері олардың классификациясы мен аударылу тәсілдерін анықтау.

Осы мақсатты орындау барысында төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

1. Мағынасында мәдени компоненті бар эквивалентсіз лексика сияқты сөздер бойынша ғылыми әдебиетті зерттеу, сонымен қатар, оларды аударудың бар және мүмкін болатын тәсілдерін қарастыру.

2. Көркем шығарманың мәдени фондын құруда эквивалентсіз лексиканың рөлін (мәнін) анықтау.

3. Көркем шығармаларды аудару кезінде осындай лексикалық бірліктердің берілу тәсілдерін сарыптау, фондық сөздердің берілулерінің басым тәсілдерін анықтау.

4. Эквивалентсіз лексика түрлерінің берілу тәсілдерінің тиімділігі не тиімсіздігін анықтау.

Осы тақырыпты қозғай отырып, эквивалентсіз лексиканың жаратылысы, типтері мен оларды аудару тәсілдері мәселелері әлі күнге дейін толық зерттелмегенін мәреміз. Сонымен қатар, мәдениет аралық қарым-қатынас үрдісі кезінде эквивалентсіз лексиканың мәні (рөлі) өте зор. Шетел тілдерін оқыту әдістемесінің қазіргі дамуы шетел тілін оқыту кезінде туған тіл мен оқытылатын тілдің ұлттық мәдениетін үйлестіріп оқытуды ұйғарады. Соңғы кездері тіл білімі мен лингводидактикалық лингвоелтану саласы кең таралуда. Оқытушының міндеті – оқушыны басқа мәдениетке, басқа еркеніетке қатыстыра отыра, оның назарын ұлттық-таңбаланған лексикаға аударып, оның белгілі бір фондық елтанушылық ақпаратты иеленіп, белгілі бір ассоциацияларының пайда болуына сиптеу. Ұлттық-таңбаланған лексика мен фразеологияның анықталуы, яғни мағынасы басқа тілдің тәсілдері арқылы қиын берілетін бірліктер тіл мен тілі оқытылатын елдің ақиқаттығы туралы білімді кеңейтеді және байытады. Көркем

шығарма мәтінінің ырымдас бөлігі болып табылатын эквивалентсіз лексиканың мәселесі ерекше қызығушылыққа ие. Берілген мәселе бойынша санаулы ғана басшылар бар (В.С. Виноградка, Э. Медникова, Н.И. Паморова). Осы мәселе әлі де шешілмеген, себебі әлі күнге дейін эквивалентсіз лексика көркем шығарма мәтінінен тыс қарастырылады, лексикалық бірліктердің қызметі шығарма контекстінде ескеріле бермейді. Эквивалентсіз лексиканы аудару тәсілдерін олардың көркем шығармадағы қызметі тұрғысынан зерттеу ерекше қызығушылыққа ие, берілген курс жұмысының жаңалығы да осыған негізделген.

I Бөлім. Аударма эквиваленттілігі проблемалары

а) Эквивалентсіз лексика туралы жалпы түсінік

Өз кең мағынасында қолданылатын мәдениет сөзі мен осы сөздерге тіл элементтері ретінде салынған, сақталған және байдалған ақпараттың арақатынасы мәселелері бұрыннан бері тек лингвисттерді ғана емес, басқа да ғылымдардың өкілдерін қызықтырған. Халық пен ел өмірінің барлық үлкен және кіші ерекшеліктері (мәселен, жаратылыс жағдайы, географиялық жағдайы, тарихи дамуының барысы, әлеуметтік құрылысының көрінісі, қоғамдық ойдың, ғылымның, өнердің даму үрдісі) міндетті түрде осы халықтың тілінде көрініс табады. Сондықтан да тіл кез келген ұлт мәдениетінің көрінісі болып табылады дегенді батып айтуға болады, тіл кез келген халықтың ұлттық-мәдени кодын береді. Мағынасында тіл мен мәдениеттің байланысын көрсететін ерекше бөлігі айқындалатын сөздер кездеседі. Олар семантикалық тілдік бірлігінің мәдени компоненті деп аталады.

Дүниетанымдық элементтерді өз бойына мол дарытқаны да, дүниені көркемдік әдіспен бейнелеуде күрделі жанрлық ерекшелігі мен

дараланатыны да және философиялық мазмұнның тереңдігі жағынан шағын жанрлардың ішіндегі биіктігі биігі де – эквивалентсіз лексика. Эквивалентсіз лексика - ғасырлар шежіресі, ауыз әдебиетінің бір түрі. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл- өнегесі мол көрініс тапқан эквивалентсіз лексика дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Мұнда өмірдің сан –алуан құбылыстарына баға беріліп, үткен түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытылады. Олар – қолдану әдісі мен аясына қарай, мазмұн мен мәні жағынан сан – саққа құбылып отыратын көне де күрделі жанр. Эквивалентсіз лексиканың дүниетанымдық табиғатының күрделілігі оның мәнелілігі мен қолдану аясының кеңдігінде ғана емес, мыңжыл ұрпақтардың мін қазанында құрыптай шыныққан ой-өрісіннің биіктігіне, тәжірибе тезінен сұрыпталып өткен сұлу мүсіні мен ой жарқандарының тазалығында жатыр. Сондықтан да эквивалентсіз лексиканың төрт негізгі ерекшеліктерін ескерген жөн:

1. Эквивалентсіз лексика объективтік дүниені көркемдік тұрғыдан жалпылай қорытады.
2. Эквивалентсіз лексиканың негізгі атқаратын қызметі сөйлеу практикасында қолдану ерекшелігі арқылы ашылып отырады.
3. Эквивалентсіз лексиканың тура және ауыспалы, беймелі мағыналарының қатынасын қатаң еске алып, олардың біріншісінен екіншісіне ауысу процесін белгілі мәселеге халықтың көзқарастық өзгеру құбылысымен байланысты қарау керек.
4. Эквивалентсіз лексика дүниені көркемдік тұрғыдан бейнелегенде өзіне тән логикалық заңдылықтары арқылы бейнелейді.

Ә Эквивалентсіз лексика түрлері

Фразеологизмдер

Тілдің лексикасында қаралатын лексикалық бірліктерден (жеке сөздерден) басқа тіл бірліктерінің тұрақты сөз тіркестері деп аталатын нағұрлым күрделі ерекше түрі қалыптасқан. Бұларды тіл білімінің фразеология саласы зерттейді. Фразеология термині (грек phrasis сөйлемше және logos сөз, ілім сөздерінен шыққан) қазіргі тіл білімінде екі мағынада қолданылады. Бірінші, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екінші, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің жиынтығы дегенді білдіреді.

Осы күнгі тіл білімінде фразеологизм деген ұғым кең мағынада қолданылады. 1990 жылы шыққан «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» фразеологизмге мынадай анықтама берілген: «Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, дәйр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика – грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер. Осы анықтамаға қарағанда фразеологизмдерге кең мағынада тілдегі мағына бірлігін сақтаған тұрақты

сөз тіркестерінің түрлері мен сөйлемшелер, коммуникативтік тұрақты қолданыстағы әр түрлі коммуникативтік бірліктер, көс сөздер мен қосарлы тіркестер, ресми құжаттардағы даяр сөз орамдары т.б. түрінде болуы мүмкін.

Фразеологизмдердің осы айтылған түрлерінің құрылымдық, мағыналық, қолданысдық сипаты, лексикологияға қатысты бірыңғай емес. Сондықтан тәжірибе жүзінде фразеологизмдер тар және кең мағынада қарастырылады. Еұлайша бөліп қарастырудың мәні фразеологизмнің лексикалық бірлік ретінде танылатын атауыштық сөзбен мағыналық байланысына, сол арқылы лексикологиямен жақындасатынына негізделген.

Тар мағынадағы фразеологизмдерге құрамы тұрақты, мағынасы біртұтас, даяр қалпында қолданылатын, лексикалық бірліктермен (атауыштық сөздермен) мағыналас, сырттай жай (еркін) сөздеріне құрас тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер жатады. Шынында, фразеологизмдерді сақтай отырып, сөз мағынасына жақын не парапар мағынаны білдіреді.

Б Мақал-мәтелдер

Көркем сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жататын мақал – мәтелдер мен – мазмұнының тереңдігімен, өткірлігімен, өміршеңдігімен ерекшеленеді. Көлемінің ықпалдылығына қарамастан, бейнелі тілдік бірліктер нақты да күрделі ойдың себеп – салдарын, халықтың өнер тәжірибесінің қорытындысы мен дәлелін қатар білдіреді. Онда халықтың тарихы, саяси өмірі тыныс – тіршілігі, дүниетанымы, рухани және материалдық мәдениеті жан – жақты көрініс тапқан Терең ойды алғаш қалыпта сыйғызған халық даналығын, шешендігі мен асқан шеберлігін танытатын да осы ұлттық сипатқа не мәдени елтаңбалы (маркерді) тұрақты орамдар. Әрбір халықтың тарихи даму кезеңдеріндегі сан алуан өзгерістер тілдің лексикалық – грамматикалық жүйесінде өзіндік із қалдырып отырғаны белгілі, алайда, өзінің біртұтас жүйесін, тұла – тұрпаты мен мән мағынасын сақтап қалған тілдік бірліктер – өздік құрамдағы мақал – мәтелдер. [5,31]

Тарихи тұрғыдан қарағанда қанатты сөздер мақал – мәтелдердің қорына байытатын негізгі көз болып табылады. Осы күнгі мақал – мәтелдерде ақылгөй, дана адамдардың аузынан шығып, замандар бойы халық қолданысында әбден екшеліп, қырнанып, жетіліп, біздің заманымызға жеткен қанатты сөздер сияқты, бірақ олар бастапқы қалпын, авторларын сақтамаған. Қанатты сөздер грамматикалық құрылысы жағынан мақал – мәтелдер тектес әртүрлі формада кездеседі. [4,454]

Мақал деген – халықтың ғасырлар бойғы дүниетанымы, тәжірибесі жинақталып берілген, мазмұны жағынан ғибрат, өсиет сияқты, ізгі қасиеттерді уағыздайтын, құрылымы жағынан әрі көркем, әрі ырғақты, ықшам нақыл сөз. Мақал формасы жағынан аяқталған сөйлем іспеттес. Мақалдардың көпшілігі екі компонентті, яғни құрмалас сөйлем типтес болып келеді. (түстік өмірің болса, кештік мал жина; ер бір рет өледі, ез мың рет өледі т.б.) Мағынасы жағынан екі компонентті мақалдың алдыңғы бөлімінде ер көрсенің жағғы не әрекетінің жағдайы, шарты байқалса, кейінгі бөлімінде соған қатысты қорытынды, түйінді пікір тұжырымдалады (бір кісі таққа отырса, қырық кісі атқа отырады; ер арыса аруақ, ат арыса тулақ т.б.). Бірақ мақалда айтылатын ойдың өзара шарттылығы міндетті болмай, логикалық жағынан бір – біріне ұқсас өмірдегі құбылыстар оның екі бөлімінде де байымдау түрінде берілуі мүмкін.

В Идиомалар

Тарихи ұстала келе бір ұғым ретінде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері, жалпы алғанда, бір тектес, бірыңғай болып келсе де тіркесте енген сөздердің арақатынастары, өзара мағыналары жөнінен бірдей бола бермейді. Балді секіл болу, ата жолым қру, қол құсауу деген сияқты тіркестер мен құрғы қабат болу, жүрек жалған алды, бұйрағы бұрды деген тіркестегі сөздерді салыстырсақ, олардың өзара байланысу тәсілдері мен мағыналары бірдей емес екенін байқауға болады. Алдыңғы сөз тіркестеріндегі сөздердің жеке тұрғандағы мағыналары мен сол тіркеске

еніп тұрғандағы мағыналары бір-бірінен ашақ емес және тіркестегі сөздерді ажыратып, синтаксистік қарым-қатынастарын анықтауға болады. Ал кейінгі тіркестегі сөздердің жеке тұрғандағы мағыналары тіркеске еніп тұрған күйіндегі мағыналарына сәйкес емес. Ол сөздер бастапқы мағыналарынан айырылып, біртұтас мағынаға айналған. Ол тіркестегі сөздерді ажыратып, синтаксистік қарым-қатынас жағынан мүшеге бөліп талдауға келмейді. Мысалы, *жүрек жалаған алайық* дегенде *жүрек* деген нәрсе бар, *омы жалағуға болады* деген ұғым шықпайды. *Ас ішейік* деген ұғым шығады. Бұлардың алдыңғылары жай фразеологиялық тіркестер де, соңғылары идиомалық тіркестер.

Сөйтіп, жеке тұрғандағы мағынасы тіркестегі мағынасына сай келмейтін, бірінен-бірін бөліп алып қарауға болмайтын, өзге тілге сөзбе-сөз аударышпайтын тұрақты сөз тіркестерін идиомалық тіркестер немесе идиомалар дейді.

II Бөлім. Эквивалентсіз лексиканы аудару ерекшеліктері

2.1 Эквивалентсіз лексиканы аударудағы қиындықтар

Мақалдар мен мәтелдер ұрпақтар ойының шежіресі мен халықтың рухани өмірінің практикалық энциклопедиясы. Мақалдар мен мәтелдер ұрпақтар ойының қызыннан қыстырылған жүйесі мен қрамдық – тарихи тәжірибеде қорытылған жиынтығы, даналық ойдың шежіресі мен халықтың рухани өмірінің практикалық энциклопедиясы. Олар - әлеумет өмірінің алуан саласы көркем образ түрінде бейнелеп, адамның сонау сәбилік дәуірінен сыр тартып, ұрпақтар үнінің жаңғырығынан елес беретін елгезек жанр. Осындай қасиеттерінің арқасында ұрпақтан – ұрпаққа таранып, еңбекші бұқараның құдіретті еңбек ұраны мен ежелгі ережесіне айналған келісті көркем сөз кестесін халыққа әрқашанда қасиетті мұра ретінде қастерлеп отырған. Мысалы: «Келген дәулет – кеткен бейнет» «Ер тынысы – еңбек, ез тынысы – ермек» сияқты еңбектің неше алуан қасиетін өмір шындығынан алып түйіндеген тамаша мақалдар тудырған.

Сиздерлі сөз кідіретті, табиғатын терең меңгерген поэтикалық дарынды даңдаушылардың шығармашылық фантазиясынан туындаған бұл шығармалар – еңбекші халық болмысының аса бір биік шыңы. Түтсіп келгенде, мақалдар мен философиялық ойлау әдістерінің арасында тарихи туыстық бар. Оны мынандай ортақ белгілерден көреміз: біріншіден, мақалдар объективті өмір құбылыстарын қоралдық – тарихи тәжірибе негізінде жалпылай қорыту арқылы бейнелейді. Осы тұрғыдан келгенде, мақалдар – жалпылай қорыту сияқты ойлау әдісінің тұңғыш пішіні. Мақалдар жалпылаушылық қасиеті тімелей емес, ауыспалы, астарлы мағыналарда көрінеді. Өйткені белгілі бір мақалға арқау болатын өмір шындығы типтендіріліп алынатындықтан, ол шындық екінші бір жағдайларда ғана қолданылады.

Мақалдардың негізгі ерекшеліктерінің бірі сол, олардың қолдану орындары мен ауыспалы мағыналары әр түрлі ұрпақтар мен дәуірлердің көзқарастарына, тәжірибесіне сәйкес өзгеріп отырады.

Қазақша, орысша және ағылшынша мақал-мәтелдердің мағынасы жағына өзара бір үндестік, айырмашылық болады. Егер біз бір тақырыпта 3 түрлі тілде үш мақал алсақ, 3 мақалдың түпкі мағынасы айтылайын деген ойы бір. Яғни өзара үндестік. Мысалы 3 тілге де ортақ еңбек тақырыбына мақал мәтелдер алайық.

Care killed the cat (Забота убивает коша)

He работа старит, а забота

Еңбек қажытпайды, қайғы қажытады

Былай қарасақ 3 мақалдың да түпкі бір үндестік еңбек етсең ғана бұл өмірде қиындықты жеңе аласың. Бірақ кішкене ойлансың, үнділіп қарасақ, орысша және қазақша мақал-мәтелдер бір-біріне едәуір жақын және бір-бірінің тура аудармасы болып табылады. Ал ағылшынша мақал-мәтел осы жағдайда қалған екеуімен мағынасы жағынан үндеседі.

Мысалы:

Live and learn (Живи и учись)

Бек жәни-бек учись

Оқусыз білім жоқ,

Білімсіз күнің жоқ.

Бірақ бәрі бірде бұл жерде бірақ ой айтылған. Яғни ол елдерде оқусыз күнің жоқ, оқы, оқы және оқы деп айтқандай. Түптеі мағына бір деп айта аламын. Кейбір кездерде қазақша және ағылшынша мақал-мәтел бір-біріне көбірек ұқсас, бір-бірінің тура аудармасы.

Мысалы:

Better late than never

All is not gold that glitters.

Лучше поздно, чем никогда

Не все то золото, что блестит

Ештен кеш артық,

Жылтырағансың бәрі алтын емес

Яғни бұл жерде мақалдар тура аудармасы бойынша әрі ұқсастық, әрі үндестік көрсетеді. 3 тілдегі мақал-мәтелдердің құрылысы, мағынасы жағынан үндестігі мен айырмашылығын көрсететін мысалдарды көптеп келтірсекте болады. Еңбек тақырыбына

No pains, no gains . Без труда нет плода. Еңбексіз еңбек жоқ.

Little strokes fell great darks. Тергенке труд все перетерпуть. Еңбек етсең елерсің.

A tree is known by its fruit. Дерево познается по плоду. Еңбегіне қарай еңбегі

Білімге байланысты

Two heads are better than one.

Үм хорошо, а два лучше.

Кенәсіп тіпшең сон келте болмас.

A word to the wise.

Үлгісімі – палпақ.

Ақылыңа – ишарат.

(Мудрому одно слово).

Глупому – толчок.

Ақымаққа – толқак.

Батырлық, ерлік туралы:

Fortune favours the brave

Слипость сдѣлываетъ горныя места

Тәуекел тау жығалды

Туған жер, Отан туралы:

East or West home is best.

Нетъ земли лучше Родины, нетъ людей лучше чемъ на Родине.

Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.

There is no place like home

Все земли- хороши

А своя- всехъ лучше.

Ел- елдің бәрі жақсы

Өз елің бәрінен де жақсы

Тағы бір үлкен үндестігі ол- лексикалық құрылымды, грамматикалық құрылымы, мағынасы жағынан ағылшынша, орысша, қазақша мақал-мәтелдердің синонимдері болады. Мысалы құрылымы жағынан үндесетін синонимдер:

Honesty is the best policy. Честность- лучшая политика.

Сын. Cheats never prosper. Арыңды жасыннан сақта.

Сәйкес Нечестно живешь - себя подводишь.

Strike while the iron is hot. Make hay while sun shines.

За двумя зайцами погоняться . Двумъ господамъ не служатъ.

Ни одного не поймаетъ.

Пәлен жерде пайда бар, Пәлен жерде бақыр бар,

өз жерінде қайда бар. Іздеп барсаң мыс та жоқ

Pride goes before a fall- гордыня предшествуетъ падению.

Өйткені берілген мақалдың ағылшынша аудармасы жоқ, синонимді алдым.

Сондықтан егер мен осы тілдің біреуінде мақал - мәтел оқысам, мен оны түсіне де алам, қазақша және орысша айта алам. Өйткені тіл өзгерсе де, сөз өзгерсе де мақал-мәтелдің өзінің бастапқы негізі мағынасы өзгермейді.

Сондықтан біз қай ұлтты адам болсақ та, қай тілде сөйлемесекте ата-

бабамыздың келер ұрпаққа Жәни бізге деп қалдырып, кеткен алтыннан да қымбат, асып қазынампа мақал-мәтелдерді біліп, жадымызда сақтауымыз керек.

A friend in need is friend in deed, Друзья познаются в беде

A tree is known by its fruit fruit. Дерево познается по плоду

Old friends and old wine are best. Старый друг лучше новых двух

A friend's eye is a good mirror. Глаза друга - это лучшее зеркало

A friend's frown is better than a foe's smile. Лучшее горькая правда

друза, чем месть друга.

A friend to all is friend to none. Кто друг всем, тот никому не друг

2.2 Эквивалентсіз лексиканың аударылу жолдары

Аудармадағы транскрипция дегеніміз – бастапқы лексикалық бірліктердің аударма тіліндегі фонемалар арқылы фонемалық ресми қайта жаңғыруы, негізгі сөздің фонетикалық имитациясы. Аударманың келесі тәсілі транслитерация – бастапқы лексикалық бірліктерді аударма тілінің әліпбиі арқылы әріптік ресми қайта жаңғыруы, негізгі сөздің әріптік имитациясы. Бұл жерде бастапқы сөз аударма мәтінде аударма тіліндегі айтылу сипатына сай түрде беріледі. Мәселен, *Shakespeare* – Шекспир есімінің қазақ тіліне аударылуы ағылшын тілі дыбыстарының айту заңдылықтарына ішінара сәйкестенсе, қазақ тілінде фонетикалық сәйкессіздік болған жағдайда ішінара ұқсас түрлеріне түрлендіріледі. Мұндай транскрипция амалы ағылшын есімдерін қазақ тіліне аударуда қолданылады.

Біршама қиындық қазақ есімдерін ағылшын тіліне аударуда орын алады. Мысалы, қазақ тіліндегі ж, қ, ю, я, і, ә, ң, ғ, ұ, ұ, қ, ө сынды әріптер

мен дыбыстарды ағылшын тіліне аудару қиындық туғызады. Сонымен бірге патша есімдері мен тұлғаларын аудару кезінде аудармашының аударма транскрипциясын қолдануында да біршама қиындықтар орын алады. Осы салада XIX ғасыр соңына дейін қолданысқа енген есім түрлеріне қатысты жалпы тілараалық транскрипция ережелері бар. Мәселен, ағылшын королі James I Stewart есімі әдебиеттерде *Жакс I Стюарт* деп аталса, соңғы жылдары баспасөз беттерінде *Якс I* есімі кездеседі. Дегенмен, бұл ішкіара дәстүрлі түрден ауытқу шын есім транскрипциясына әлі өткен жоқ, яғни *Джеймс I* негізгі есімі әзірге қолданыс аясында кездеспейді.

Аударма тәжірибесінде жалқы есімдердің аудармасы үшін қолданылатын транскрипция және транслитерация тәсілдері жеткіліксіз болып келеді. Егерде жалқы есімдер негізіне символдық қызметтер жатса яғни ерекше объект есімі болса немесе есім орнына емес, қосымша есім орнына қолданылса онда олар жалпы есімге айналады. Өйткені, есім тұлғаның тұлғалық қасиеттерін және белгілерін білдіреді. Мұндай жағдайларда транскрипциядан басқа немесе оның орнына калькалаумен бірге семантикалық аударма үйлесімділігі қолданылады. Мысалы, ағылшын мәтіндерінде кездесетін *Chief White Halfoat* есімін қазақ тіліне әртүрлі тәсілдер арқылы жеткізуге болады: Чиф Уайт Хафоут (транскрипция), Қолбасшы Ақ Сұлы (семантикалық аударма), Қолбасшы Уайт Хафоут (аралас аударма: семантикалық аударма мен транскрипция үйлесімділігі). Джозеф Хеллердің *Catch – 22* романында бұл есім аралас мағынада қолданылған: мұнда *Chief* кейіпкердің үндіс екендігін білдіретін қосымша есіммен бірге, тарихи қарымтасқан, ағылшын тіліне аударылмайтын ресми негізгі үндістердің жандылық атауы болған *White Halfoat* тері үйлескен. Осы жерде қолдануға қажетті тәсіл – аралас аударма болғанымен, «метис» мағынасын білдіретін *half-bread*, *half-blood* сияқты әрістер жасалып Хеллердің сатиралық «атына заты сай» *Halfoat* есімі өз мағынасын жоғалтады және есім мен кейіпкерді суреттейтін контексттік тәуелділікті ұстанады:

Chief White Halfbat was a handsome swarthy Indian from Oklahoma with a heavy, hard-boned face and wavy black hair, a half-blooded Creek from E...

Аударма транскрипциясы арқылы аударылатын жалпы есімдерден басқа бірліктер тобына мамандардың көпшілігі қалыптар мен тайпалар атауын, жағрапиялық атауларды, іскерлік мекемелер, компаниялар, фирмалар, мерзімді басылымдар атауын, хоккей және басқа спорттық команда атауларын, рок – музыканттардың тұрақты топтары мен мәдени объектілер атауларын және т.б. жатқызады. Салыстырмалы түрде, мұндай атаулардың көпшілігі транскрипция және транслитерация тәсілдері арқылы оңай аударылады:

Bank of London - Банк оф Лондон

Minnesota - Миннесота

Wall Street Journal – Уолл Стрит Джурнал

Detroit Red Wings – Детройт Ред Уингз

Beatles – Битлз

The Capital – Капитал

Metropolitan – Метрополитен, және т.б.

Шындығында транслитерация тәсілін қолдану салыстырмалы түрде аз кездеседі және ескірген атау түрлерімен байланысты болып келеді:

Illinois – Иллинойс (Иллиной емес)

Michigan – Мичиган (Мичиган емес)

Объектілердің біршама тізіміне байланысты аударманың дәстүрлі түрлері қалыптасты. Олардың бірі негізгі атаумен ішінара сәйкес болса,

Moscow – Moscow

The Hague – Гаага

Санкт-Петербург – St. Petersburg

Бірі негізгі тілдегі атауымен мүлде сәйкес келмеуі мүмкін:

England – Англия

The English Channel – Ла-Манш және т.б.

Жағрапиялық атауларды транскрипциялау барысында екпіннің аударма тілінің фонетикалық заңдылықтарына сәйкес орнын ауыстыруы мүмкін.

Florida (екпін бірінші бұымда)

Флорида (екпін екінші бұымда)

Washington (екпін бірінші бұымда)

Вашингтон (екпін соңғы бұымда).

Егер атаудың құрамына мағыналы сөз ексе, онда аралас аударма, яғни транскрипция және семантикалық аударманың үйлесімділігі қолданылады деген ереже бар:

Gulf of Mexico - Мексика иылағмазы

River Thames - Темза өзені

The Pacific Ocean - Тынық мұхит

Hilton hotel - Милтон қонақ үйі

Mayflower Restaurant - Мейфлауэр рестораны.

Дегенмен, осындай шарттардың өзінде қиындықтар туындауы мүмкін. Мысалы, Бостон қаласындағы *No Name Restaurant* атауын қалай аударуға болады? *Ной Нейм рестораны* ма, әлде «Есімсіз» ресторан ба? Білмейме келуге болады: *No Name рестораны*.

Транскрипция фирма, компания, баспа, автомобиль маркалары, мерзімді басылымдар атауларын аударуда қолданылады:

Subaru – Субару

Ford Mustang – Форд Мустанг

Facts On File – Фэктс Он Файл

Zhas Alash – Жас Алаш

«Атампа» - Атампа

Бірақ, оқу орындарының атаулары ішінара немесе толық семантикалық аударма арқылы аударылады:

Western Michigan University

Батыс Мичиган Университеті

Cherry Hill High School

Черри Хилл орта мектебі
Ақтабе Мемлекеттік Университеті
Aktobe State University.

Өртүрлі елдердегі түрлі білім беру дәстүрлеріне сәйкес оқу орындарының атауларын аудару біршама қиындық тудырады. Мәселен, американдық білім беру жүйесінде *school* сөзі деңгейі және түрі жағынан әртүрлі оқу орындарының бірқатарын атауда қолданылады: *high school* шындығында «орта мектеп» дегенді білдіреді, *school of law* – «құқық институты», *graduate school* – «аспапәтурға» не «магистратура». Осыны есепке ала отырып *Princeton School of Law* – *Princeton University* жанындағы *Құқық институты* деп аудару, *Princeton* *құқық мектебі* дегеннен гөрі үйлесімді болады. Мұндай атауларды қазақ тілінен ағылшын тіліне аудару – күрделі мәселе. Мысалы, «институт» сөзі Қазақстан, Ресейде жоғары оқу орнының, ғылыми-зерттеу, әкімшілік басқару мекемелерінің атауы болса, ағылшын тілді елдерде *institute* сөзі екінші мағынаны білдіре отырып, әдетте негізгі мағынаны тарылтады. Мұндай жағдайларда аудармашы әдетте жағдаятқа сай шешім шығарады. Өзірге оқу орындарының түрлерін атау халықаралық деңгейде мемлекетаралық келісімге келіп, жүйеленген жоқ. Сондықтан семантикалық аударма тәсілін қолдану орынды болады. Дегенмен, транскрипция арқылы аударма жүргізу де қолайлы. Мәселен, қолданысқа тез арада енген *gymnasium* сөзі *гимназия* атауын білдіруде қолданылады. Өртүрлі халықаралық үлгідегі анкеталарды толтыруда оқу орнының атауы екі нұсқада толтыру ұсынылады. Мысалы:

Қазақ Педагогикалық Институты
Kazakh Teachers' Training College
және
Kazakh Pedagogical Institute.

Аударма транскрипциясын аударманың дәстүрлі аясында қолданудағы кездесетін қиындықтың бірі – саны аз халықтар атауларын немесе өзге ұлттық-мәдени феномендерді аудару. Мәселен, Американың негізгі

халқының атауын аударуда әртүрлі көзқарастар мен нұсқаулар бар: *Sherokee* – *шейендер, шейендер, шшкендер, шейени, чейени* деп жағдайға сай аударылса, *Cherokee* – *черок, чероктар, черокездер* деп аударылады. Атаулардың қазіргі таңға сай аудармалары – *шшкендер* және *чероктар* болады. Әйткені осы атаулар ғана ағылшын тіліндегі дыбысталуына ұқсас. Дегенмен, ағылшын тіліндегі атаулардың өздері бастапқы үндіс сөздерінің транскрипциясы болып табылады. «*Черокездер*» нұсқасы, шындығында екі *Cherokee* және *Iroquois* сөздерінен жасалынған және тек халық атауын ғана емес, сонымен бірге черокез тілінің жанұясына тілдік туыстығын білдіреді. Әртүрлі етіп оқу мынадай тайпа атауларын аударуда, яғни семантикалық және транскрипция әдістерінің үйлесімділігінде қолданылады: *Flathead* – *флэтхедтер* не *тегіс бастылар* (*тымырбастылар*) *Blackfoot* – *блэкфуттар* не *қара аяқтылар* (*жалаңаяқтылар*).

Жалпы есімдерді аударудағы транскрипция мәдениетаралық үйлесімділіктер асымен байланысты болады: өзге мәдени атауларды ағылшын тіліне транскрипциялау қазақ тілінен өзгеше болуы мүмкін. Осындай атаулардың қазақ және ағылшын тілінің мәдениетіне сай дәстүрлі түрлері әртүрлі болып келеді. Мысалы, қазақ тіліндегі Шыңғыс хан нұсқасын ағылшын тілінде Genghis Khan (Jenghiz) деп аударуда екпін бірінші буына түседі, Қытай астанасы Пекин атауын ағылшын тіліне аударғанда мүлдем өзгеше Beijing деп аударылса, Балтасар патша есімі ағылшын тілінде таңуға қиын кейіпте Bel-shaz-zar (екпін екінші буында) деп, Amenophis IV (Ikhnaton) қазақ тілінде Аменхотеп не Эхнатон болып өзгереді. Мұндай сәйкессіздіктер тізімі біршама үлкен болғандықтан, аудармашыдан тілдік және жалпы мәдени көрегендіктің болуын талап етуі орынды.

Аудармашы үшін мәселелердің бірі деп басты назар аударатын нәрсе – бастапқы мәтіндегі мәдениетке сай, бірақ аударма тілінің мәдениетінде мүлде кездеспейтін ұлттық-мәдени объектілер атауы – реалийлер. Кең көлемді мәдениетаралық коммуникация жағдайында бұл атаулар үлкен топ

кұрайтындықтан, оларды аударуда транскрипция не транслитерация әдістерін қолданған қолымы.

Әдетте мұндай реалиттер, жеңі бастапқы тілдің басты тілдік бірлігі аударма мәтінде өзінң толықтай шет тіліндегі түрінде болады: максималды «шетелдіктен» бастап бірнеше сатылы жолдан өтеді. Мәселен, бастапқы балама транскрипциядан толық ассимиляцияға дейінгі бірліктер тілдің сөздік қорына енеді. Аудармашылардың үткен тобы мен түпнұсқа авторлары аударманың екі түріне жүгінеді: шетелдік бірлікті семантикалық аудармамен бірге не түсіндірмемен сақтау немесе транскрипцияны түсіндірмемен бірге қолдану. Әсіресе, осындай реалиттер туралы түсінік түрлері қазіргі таңдағы рок музыка туралы мәтіндерге сай келеді:

«Кейін «Ридина – фестиваль» келіп, «Кілткәз» онда бәждарламаны басқарып, «Amosint Mistrin» альбомынан жаңаларын ойнатып, әлемге «The Me» - коммерциялық рок үлгілі шығарма «Симедем» танытты».

Осы кішкене үзіндіде асты сызылған сөздер белгілі бір қалыдаралық рок музыка әлемінің реалиттерін білдіреді. Олардың толық аудармасыз шетелдік түрінде не аударма транскрипциясы не аралас аударма түрінде берілгені кездейсоқ емес.

Өнертану мәтіндерін аударудың да өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың ішінде ұлттық өнер үлгілері атауларын, мешіт, шіркеу атауларын, т.б. аударуда қиындықтар туындайды. Бұл мәселелерді шешу жолы – транскрипция, семантикалық аударма не аралас аударма.

Тағы бір транскрипция тәсілі арқылы аударылатын мәдени-реалиттер түрі – фольклорлық және әдеби шығармаларда кездесетін фантастикалық тіршілік иелері атаулары мен есімдері.

Алдар Көсе – Aldar Kose

Hobbit – Хоббит

Goblin – гоблин және т.б.

Дегенмен, осындай есімдердің біраз бөлігі, әсіресе объектінің белгілі бір шынайы қасиетін білдіретін мағыналық құрамдары барлары фразалас аударма не калькалау арқылы аударылады.

Соңғы транскрипция тәсілі арқылы аударылатын тілдің бірліктерге терминдер жатады. Мұнда транскрипцияға негізгі термин қандай негізде екендігіне сай анықталатын грек, латын немесе ағылшын бірліктері алынады: cable – кабель, restitution – реституция, reconstruction – реконструкция, т.б.

Аударма тілінде сәйкес үйлесімділігі болмайтын тілдің бірліктерді аудару үшін қажет транслитерация тәсілімен бірге калькалау тәсілі де қолданылады. Калькалау дегеніміз – сөздің құрам бөліктері (морфемалар) немесе фразалар (лексемалар) аударма тілдің элементтеріне сәйкес аударылатын біріккен сөз құрамы немесе сөз тіркестерінің айтылуы. Калькалау аударма тәсілі ретінде транслитерация белгілі бір себептермен эстетикалық, мағыналық не басқа да ұстанымдарға байланысты қолданылмаған кезде мәдениетаралық коммуникация жағдайында үлкен көлемдегі әртүрлі кірме сөздердің енуіне негіз болды.

Тілдердің даму тарихы көбіне функционалдық белгідегі тіларалық өзара байланыстың көптеген үлгілерін көрсетеді. Мысалы, қазақ тілінің –шы, –ші, –кер, –гер, т.б. жұрнақтары ағылшын тілінің –er, –or, –ist жұрнақтарымен өзара байланысты; –сіз, –сыз жұрнақтары ағылшынның in-, in/um-, non- түбір алды жұрнақтарына сәйкес. Үделелі тіларалық өзара әрекеттестік әсерінен көптеген тілдерге жалпы тізімдік морфемалар енді: –ист, –изм, –ор, дис-, –ион, т.б. Көптеген түбір морфемалардың қазақ және ағылшын тілдерінде тура сәйкестіктері де бар:

Money – ақша	window – терезе
Old – көрі	table – үстел
Go – жүру	war – соғыс және т.б.

Саяси, ғылыми және мәдени салалардағы сөз тіркестерінің көпшілігі калькалаудан тұрады:

Үкімет басшысы – head of the government

Жоғары Сот – Supreme Court

Аралас заңдар – mixed laws

Сайлау шешіміне сенімсіздік – non-confidence vote, т.б.

